

# «Қазақстан-Өскемен» телеарнасы елу беске толып отыр

17 мамыр 2013 | 20:05 | Қоғам | Қаралған: 2467 | Пікірлер: 0



Еліміз бойынша облыстарда ашылған алғашқы телеарна – «Қазақстан-Өскемен» биыл өзінің 55 жылдық мерейтойын атап өткелі отыр. Осы жылдар ішінде телекомпания өңір тұрғындарының ажырамас серігіне айналды. Тележурналистердің алдыңғы легі қалыптастырылған сара жолды қазіргі жас буын заман ағымына сай лайықты жалғастырып жүр. Бүгінде телехабар тарату аясы күн сайын кеңейіп келеді.



## Соны жақалықтары жетерлік

«Қазақстан-Өскемен» телеарнасы Шығыс өңірінің алеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуы жайында үзбей ақпарат таратып келеді. Бірлігі жарасқан ұжымның алған асулары да, социалданыс жағдайлары да жетерлік.

**«Қазақстан-Өскемен» телеарнасы елу беске толып отыр**

Телеарнада былтыр бастау алған ел аумағында баламасы жоқ соны жоба – баспасөз маслихатын тікелей эфирде көрсету мүмкіндігі бар баспасөз клубы жұмыс істеуде. Қазір онда тұрақты түрде баспасөз мәжілістері үйімдастырылып, тікелей эфирде көрсетіледі.

Откен жылдары жұмыс барысына енгізілген тағы бір жақалық – телеарнаның тікелей эфирдегі «Ақпар» ақпараттық бағдарламасы Өскемен, Семей қалаларының орталық көшелеріндегі ЛЭД-экрандар арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ, жақалықтар шығарылымы cityinfo.kz, altaynews.kz, 1vko.kz, vkonurotan.kz. сайттарына орналастырылады.

Ал жастарымыз білімін сынаған, республика аумағында баламасы жоқ «Зияткерлер клубы» тележобасына қатысуға ниет білдірушілер облыстың ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен хабарласуда. Мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған «Полиглот» хабары – көптеген облыстық, республикалық байқаулардың женімпазы. Мұнда сөздік қорды байытудың ең тиімді, қарапайым ері женіл тасілі қолданылады. Ө斯іресе, өзге ұлт екілдерінің қойылымдық көріністерде мемлекеттік тілде сөйлеуі көрменге ерекше әсер етеді.

Шығыс Қазақстан облыстық телеарнасында «Қазақстан-Семей», «Қазақстан-Шымкент», «Қазақстан-Қызылорда» арналарымен ел үшін маңызды, аймақ үшін мәні зор ақпараттар алмасу үйімдастырылған.

## Мәскеу Олимпиадасын түсіруге өскемендік операторлар да атсалысты

Осыдан 55 жыл бұрын Кенді Алтайдың бас шаһарында алғашқы телестудия ашылды. Ол Қеңестер Одағында телевидениенің енді ғана пайда бола бастаған кезі еді. Дей тұрғанмен, осы студияда

түсірілген «Қазыл тау қырандары», «На медведя» атты телефильмдер сол кездегі халықаралық Монте-Карло фестивалінде жүлдегер атанған-ды. Ал режиссер Анатолий Лаптев түсірген деректі фильмдер бүкіл Одақта көрсетілді. Телевизиялық еңімнің сапалы шығуы тек журналистер мен режиссерлердің ғана жұмысына байланысты емес. Телевидение – бұл ұжымдық еңбек. Осы орайда операторлар Владимир Вострецов, Рафхат Ахметов, Геннадий Кузнецов, Ефим Колчевті атап еткен орынды.

1980 жылғы Олимпиадасын түсіруге өскемендік операторлардың да атсалысқанын екінің бірі біле бермейді. Атышулы спорттық жарыстардағы біздің шығармашылық топтың шеберлігіне жапон операторларының взі тәнті болған екен. Мемлекетаралық «Мир» телеарнасының негізін қалаған айгілі журналист Ғадылбек Шалахметовті кім білмейді? Журналистика саласының майталманы взінің еңбек жолын Өскемен телевидениесінен бастаған болатын. Ол «Бір бөлмегі төрт адам» атты взінің алғашқы деректі фильмін облыстық телевидениенің қабырғасында оператор Сайд Фазыловпен бірлесе отырып түсірген. Ресейдің ақпарат министрі болған Михаил Полторанин де алғашқы еңбек жолын осында бастаған. Бұл тізімді арі қарай да жалғастыра беруге болады.

Рас, өмірлерін Өскемендең телевидениенің байланыстырыған адамдар көп. Олардың ішінде қазак редакциясында жұмыс істеген дикторлар Роза Шериязданова мен Алтынай Мағзұмова, режиссерлер Раиса Рақышева, Клара Қакенова, Фарида Мұхамеджанова, Салиха Қанаева, бақылау шебері Заря Ақылбаева, монтажер Бағила Салпықованы атап айтуда болады.

2003 жылы «Қазақстан-Өскемен» телеарнасына тұңғыш рет қазақ басшы тағайындалды. Бауыржан Айтқазин бірден іске кірісіп кетті. Кастиг жариялад, талантты жастарды жұмысқа тартты. Олардың көбі телевидениенің талім-тарбие алып, кейіннен республикаға белгілі тілшілер болды. Атап айтсақ, Ольга Цой, Нұрбек Бекенов, Олжас Керей, Динара Қамзанова, Қуаныш Ғабдулин, Байжан Қоғамбаев сынында журналистер осы күндері республиканың ірі телеарналарында жұмыс істеп жатыр.

– Журналистердің арқасысы ар кабинетте белек отыратын, бір-бірінің жұмысын көрмейтін. Күнделікті оқиғалардан бірдей хабардар болып, бір-бірімен шығармашылық байланыс болу үшін барін бір үлкен белмеге толтастырып, шығармашылық редакция жасақтадық. Тағы бір атқарылған ауқымды жұмыс – эфирдің келбетін взертту болды. Отызға жуық хабардың компьютерлік қайырмаларын Алматыда жасаттық. Осылайша, эфирдің дизайны толық өзгерді. Хабарлардың мазмұнын да соған сай еттік. Соның арқасында жарнама берушілер көбейді. 2005 жылдың қорытындысы бойынша коммерциялық кіріс көлемін 40 миллион теңгеге жеткізіп, аймақтық филиалдар арасында бірінші орынға шықтық. Сол кезде мен басқа филиалдардың басшыларымен «Көрдіңіздер ме, газсыз, мұнайсыз-ақ табысты еселеуге болады» деп қалжындастынмын, – дейді 2003-2005 жылдары телеарнаның директоры болған Бауыржан Айтқазин.

### **Тележурналистиканың телегейіне сұңғідім**

– Облыстық студияның шығармашылық құрамы мені жылы қабақпен қарсы алды. Оның үстінен радиода жүргенде бірнеше авторлық хабар жүргізгенім де бар, көпшілігі көптен таныс адамдар. Алғашқы күні-ақ студияның штаттық кестесімен, тартібімен таныстым, ұжыммен түсінісе еңбек еттік. «Балықтың тілін бақа біледі» дегендей, шынайы шығармашылық адамдары бір-бірін емеурінен-ақ таны береді. Эфирде жақсы-жақсы хабарлар пайда болды. Берілетін материалдардың мазмұны

байыды, түрлөрі көбейді. Ол кезде студияда вэ жұмысының ұғыл-шұғылын жетік мәңгерген білікті режиссерлар мен операторлар топтары болды. Орысы бар, қазағы бар, біздің тәжірибелі журналистермен иықтаса алатын телеқаламдастардың вэі республика көлемінде саусақпен санарлықтай-ақ болатын. Бұл студияның жылдар бойы ағарып алдан көрінуінің вэі солардың мықтылығынан дер едім.

Құдайшылығын айтқанда, бұл студия маған да ыстық. Сонда жүріп, тележурналистиканың телегейіне сұнгідім, құпия сырын таныдым. Табиғаты да, талабы да, тіпті стилі де газет пен радиодан белек жанрға қалам тарттым. Қызығына белендім, қуанышына кенелдім. Талабымды шындал, қаламымды ұштаған қара шаңырақтың бірі – облыстық телерадиокомпания деп білемін. Оның жылт еткен жақсылығына жүргегім жылып қалады. Кемшілігіне кейіп жүремін. Өйткені, ол миымның бір қыртысында, жүргімнің түкпірінде қалған, – дейді ардагер журналист, филиал директорының орынбасары қызметін атқарған Жұмағазы Игісін.

– Мен облыстық телерадиокомпанияға редактор болып келдім. Сейтіп, тележурналистикадағы шынайы шығармашылық қадамым басталды. Ол 1994-2004 жылдар аралығын қамтыды. Осынау он жылда не тындырды? Нени тындыра алмадым? Мұндай сауалдарға біржакты жауап беру қын... «Сіз журналист емесіз бе? Өскеменде, телевидениеде істедіңіз ғой?» деп талай адам танып, кейде аты-жөнімді атап, ілтипат білдіріп жатады Семейде. Иа, киелі Семейге алғаш қоныс аударған 2004 жылдан басталған ондай танып-білушілік бертінге, тіпті күні бүгінге дейін жалғасып жүр десем, артық айтқандық емес. Облыстық телерадиокомпаниядагы жеке шығармашылығының жай-жапсарына келсем, қара үзіл кетпегеніммен, құдайға шүкір, көштен қалғаным жоқ. Телестудияның вэ ішінде жазылатын әңгіме-сұхбаттар, тікелей зефир хабарлары, «дөңгелек үстелдер» сияқты бағдарламалардан бастап, бейнетүсірілімдер көмегімен дайындалған талай-талай телехабарлар, телеочерктер, телерепортаждар көрерменге жол тартты. Олардың тартымдылығына, танымдық, тағылымдық мәніне еркез ден қойылды. Қунделікті ақпараттық сюжеттердің де дамді болып шығуы берік ұстанымға айналды, – дейді ардагер журналист Мұрат Тастағанов.

### **Хабар таратудың ауқымын кеңейттік**

Бүгінгі кунде «Қазақстан-Өскемен» телеарнасы еліміздің аумағындағы беделді телеарналардың көшіне ілескен.

– Біз тәуілігіне 14 сағат бойы Шығыс Қазақстан аймағына хабар таратамыз. Олардың қатарында отандық телеарналарды көре алмай отырған елді мекендер де бар. Соңғы кездері сандық-спутниктік таралымға көшіп, желінің ауқымын кеңейттік. Техникалық және шығармашылық бағытта бірқатар жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Аймақтық телеарналар арасында бірінші болып «Қазақстан-Өскемен» арнасы интернет желісіне шықты. 2010 жылдың қара қузінде «Ақпарат» ақпараттық бағдарламасын алғаш рет интернетке жариялаған кезде зефирге алғаш рет шыққандай асер алғанымыз да рас. Дегенмен, біз мұнымен шектелмей, шұғыл ақпаратты көрерменге жылдам жеткізу шараларын қолға алдық. Нәтижесінде аймақта орын алған айтулы шаралар сол күні, сол сатте оқиға орнынан тікелей зефир арқылы көрерменіне жол тартуда. Ақпараттар легі күштейтілді. Тақырыптық бағдарламалар сапасын арттыру үшін аутсорсинг әдісімен, сырттан авторлар тартыла бастады. Телеарна ұжымының касіби біліктілігі мен ұшқырлығының арқасында ауқымды шаралар абыраймен атқарылуда.